

Өскелең ұрпақ арасындағы сұхбаттық мінез - құлықтың атын ату

Суицид

Суицид

(латынша: Sui caedere - өзін өлтіру)

**– адамның өзіне -
өзінің қиянат жасап,
өз өмірін қиюы.**

Суицид



Шынайы суицид-

Адам өмірден түңіліп,
үнемі көңілсіз жүреді,
өлгісі келеді

Жасырын суицид- бұл түрінде адам
өзін - өзі өлтіру жақсы еместігін
түсінеді, бірақ қиындықтан шығар
жол жоқ болып көрінгендіктен
өлімге апаратын істерге бас тігеді.
Мысалы: нашақорлық,
маскүнемдік т.б.

Жариялық суицид-

көбіне өлместен бұрын өзгелердің
назарын өзіне аударғысы келеді.
Олар біреумен ренжіссе, қолына
суық қару, не арқан, жіп алып
жүгіріп “өлемін” деп қорқытады

Мына ақпаратқа назар аударсақ

Жыл сайын 10 – 20 миллион адам суицид жасауға бекінеді. Олардың бір миллионға жуығы жарық дүниемен қош айтысады. Алдыңғы қатарлы суицид жасаушылардың отаны ретінде, басқасын айтпағанда көрші мемлекеттер Ресей мен Қытай және Қазақстанды айтуға болады.

Қазіргі кезде Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының дерегі бойынша Қазақстан елдегі азаматтарының өз өмірлерін қиюы бойынша әлемде үшінші орынды алады. Ал осыдан үш жыл бұрын деректер бойынша Қазақстан бесінші орында болған. Әлемде жыл сайын бір миллиондай адам өзін - өзі өлтіреді. Бір миллион адамның 8 мыңы Қазақстандықтардан тұрады. Бұл дегеніміз әрбір сағат сайын бір қазақстандық суицид жасайды дегенді білдіреді. Бір өкініштісі, суицид жасаушы еліміздің болашағы деп санаған жас буын өкілдері.

Өз өміріне қол жұмсауына себеп болатын факторлар

1. Денсаулығының нашарлығынан – 1,2 %
2. Қаражат қиындығынан - 3%
3. Өмір сүрудің ауырлығынан – 4,4%
4. Құмарлықтан - 6%
5. Отбасы келіспеушілігінен - 18%
6. Рухани дерттен - 18%
7. Жазасын өтеуден жалтарудан - 19%
8. Белгісіз күйі - 41%

Қазіргі қоғамдағы суицидтің себептері

1. Адамның иманының болмауы мен өмірдің қиыншылықтарын дұрыс түсінбеуі.
2. Қаржылық жағдайлардың әсері.
3. Ренжу
4. Қателік

Қазіргі қоғамдағы суицидтің себептері

1. Адамның иманының болмауы мен өмірдің қиыншылықтарын дұрыс түсінбеуі.
2. Қаржылық жағдайлардың әсері.
3. Ренжу
4. Қателік

Суицид белгілері:

1. Сыртқы түрі мен мінезінде:

- ▶ Сағынып, мұңайып жүргендей түр
- ▶ Баяу қимылдау
- ▶ Сөйлеудің баяулауы
- ▶ Қысқа жауаптар
- ▶ Жауап бермеу
- ▶ Сөйлеудің жылдамдауы
- ▶ Екпіндеп сөйлеу
- ▶ Ұқыптылықтың шектен шығуы
- ▶ Іс- әрекетсіздік

2. Эмоциялық жағынан бұзылуы:

- ▶ *Зерігу*
- ▶ *Ашулы*
- ▶ *Қоршаған ортаға өшпенді қарым- қатынас*
- ▶ *Өзіне және ортаға салғырттық*
- ▶ *Мақсатсыз үрейлену, қорқыныш*
- ▶ *Қуанышты сәттерге қуана алмау*
- ▶ *Секемшілдік*
- ▶ *Ешнәрсеге мән бермеушілік*
- ▶ *Қайғылы түр.*

3. Психикалық аурулар:

- ▶ Депрессия
- ▶ Себепсіз қорқынышты байқататын невроздық
- ▶ Шизофрения

4. Өз өмірін бағалау:

- ▶ Өткен өміріне төмен баға беру
- ▶ Өткеннің жағымсыз сәттерін көп еске алу
- ▶ Жаңа жағдайларға құлықсыз, төмен баға беру
- ▶ Болашақ туралы жоспарларының болмауы

5. Қоршаған ортамен араласуы

- ▶ Ортамен араласудан қашқақтауы
- ▶ Көмекті қажетсініп ортамен қарым- қатынас жасауға ұмтылыс, қолдау күту
- ▶ Өзінің қайғысын ешкіммен бөліспеу.

*6. Тәулік барысындағы
динамикалық жағдайы:*

- ▶ Кешке қарай көңіл-күйінің көтерілуі
- ▶ Кешке қарай көңіл-күйінің төмендеуі.

Вегативтік ауытқулар:

- ▶ Көздің жасаурауы
- ▶ Көз қарашығының үлкеюі
- ▶ Ауыздың құрғауы
- ▶ Ауаның жетіспеуі,
тұншығатындай күйде болу
- ▶ Бас ауруы
- ▶ Ұйқысыздық
- ▶ Кеуде тұсының ауруы,
дене бөлшектерінің ауруы
- ▶ Тәбетінің азаюы, дәм сезуінің төмендеуі

Балаңыз агрессияға, күйзеліске түспесін десеңіз:

- өз проблемаңызды балаға артпаңыз;
- Егер ашулы болсаңыз, онымен қарым-қатынастан аулақ болыңыз;
- егер бала сіз айтқан ережеге көңісі келмесе, күштемеңіз;
- күш көрсету - баланы түзеу орнына, қарсыластығын арттыра түседі;
- мәселелерді өзіңіз жеке емес, баламен бірігіп шешіңіз;
- егер бала сізбен араласуды қош көрмесе, күшпен көндірмеңіз;
- егер қиын жағдайда не істеріңізді білмесеңіз, оны тезірек шешуге тырыспаңыз, асықпай ойланып кірісіңіз.

Қорытынды

Өзіңізге сеніңіз

Сіз үлкен қазынасыз!

Өз ісіңізге сеніңіз

Өмір сүрудің кереметтігін сезініңіз!

Сізді жарқын болашақ күтіп тұр!



*Тыңдағандарыңызға
рахмет!*